«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
« ___ » _____ 2025 ж

Отбасы күніне орай, «Отбасы – Отанымыздың ошағы» атты, өнерлі отбасымен танымдық кеш

Отбасы күніне орай, «Отбасы – Отанымыздың ошағы» атты, өнерлі отбасымен танымдық кештің СЦЕНАРИЙІ

Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің әлеуметтік желі- инстаграм парақшасында тікелей эфирде өтеді.

Жүргізуші: Қайырлы күн, қадірлі көрермен! Отбасы-адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ержететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Қай заманда, қай елде болмаса да отбасының адамзат ұрпағына ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Бүгінгі кешіміз барлығымыз үшін ерекше. Себебі, біз Отбасы күні аясында бас қосып отырмыз.

Отбасы – адам өміріндегі ең қымбат қазына, мейірімнің бастауы, махаббаттың мекені.

Жүргізуші: Иә, расында да, отбасы – әрбіріміздің тірегіміз, жүрегіміздің қуанышы. Ал бүгін біз тек туған-туысқанымызды ғана емес, өнер арқылы бір отбасыға айналған жандарды да танып білетін боламыз. Олар – шығармашылықты ортақ шаңырақ етіп, бір-бірін қолдап, ағайын-туысындай болып кеткен Қарақат өнер мектебінің ұжымы!

Жүргізуші: Өнер – жүректерді жақындататын, адамдарды бір үйдің балаларындай табыстыратын үлкен күш. Бүгін біз соның дәлелі болған Қарақат өнер мектебінің ұжымы арқылы өнерлі отбасымен танысып, шынайы әңгіме өрбітетін боламыз.
Ендеше, алдымен бүгінгі кешімізді ерекше әсерге бөлейтін, өнердегі шаңырақ – Қарақат өнер мектебінің шәкірттері Рашид Қайсар, Рашид Әміреден және олардың анасы Ибраимова Гулмира, әкесі Султанов Сапаргали мырзадан сұхбат алуымызды бастаймыз,бізбен бірге бөлыңыздар!

Ендеше, бүгінгі кешімізді ерекше әсерге бөлейтін, өнердегі шаңырақ – Тебрен өнер мектебінің ұстаздары мен шәкірттерінен сұхбат алуымызды бастаймыз,бізбен бірге болыңыздар!

1. Әңгімені әріден бастасақ, сіздер өнер саласына қалай келдіңіздер?
2. Оқушылар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты қалай сипаттайсыздар?
3. Мектеп ұжымында есте қалған ерекше бір оқиға немесе дәстүр бар ма?
4. Ұжымның ішінде «ең жылы сәт», «ең есте қалған оқиға» дегенде есіңізге бірінші не түседі?
5. Тебрен өнер мектебі алғашқы құрылған кезде қандай мақсат қойды? Сол арман-мақсатқа жетіп келесіздер ме?
6. Өнер жолында шәкіртке тек кәсіби білім емес, өмірлік тәрбие де бересіздер. Оларды өз балаңыздай көру сезімі бар ма?
7. Ұстаз үшін ең үлкен бақыт – шәкірттің жетістігі дейді. Сіздер үшін шәкірттердің қандай жеңісі ерекше мақтаныш болды?
8. Балалардың шығармашылыққа деген ынтасын арттыру үшін қандай әдістер қолданасыздар?
9. Ұстаздарыңыздың сізге айтқан ең есте қалған ақылы немесе сөзі қандай?
10. Бірге жүрген достарыңыздың арқасында өзіңізді отбасындағыдай сезінесіз бе?
11. Өнер арқылы өз отбасыңызға қандай қуаныш сыйладыңыздар?
12. Бүгінгі отбасы күнімен құттықтасаңыздар мархабат!

Жауаптарыңызға көп көп рахмет сіздерге тек шығармашылық табыс,отбасыларыңызға береке тілеймін.Шәкірттеріңізде өздеріңізде үлкен сахналардан көріне беріңіздер.

Жүргізуші: Құрметті көрермендер, осымен біздің отбасы күніне орай, «Отбасы – Отанымыздың ошағы» атты, өнерлі отбасындай болып кеткен Тебрен өнер мектебімен танымдық кешіміз өз мәресіне жетті. Өнерлі отбасына бізді қонақ қылып, өздерінің қызықты өмірлерімен, әсем өнерлерімен таныстырғанына үлкен алғысымызды білдіреміз!

Жүргізуші: Құрметті көрермендер!
Бүгінгі кешімізде біз отбасының қадірін, өнердің құдіретін, бірлік пен достықтың маңызын тағы бір мәрте сезіндік. Тебрен өнер мектебі – жай ғана өнер ордасы емес, ол – үлкен отбасы, ынтымақ пен шығармашылықтың алтын бесігі. Баршаңыздың шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, әр күніңіз өнердің нұрына бөленсін!
Құрметті көрермендер, біздің парақшамыздан алыстамаңыздар, алда сіздерге көрсетер талай қызық бар.
Отбасы күні құтты болсын!